

УДК 378
ББК 74.58
S81

Редакционная коллегия

Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке
Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке
Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

УДК 378
ББК 74.58
S81

ISBN: 978-601-7021-36-8

СЕКЦИЯ 9.

ФИНАНСОВЫЕ РЫНКИ В УСЛОВИЯХ КРИЗИСА

1. Интеграция финансовых рынков в рамках ЕАЭС
2. Финансирование стартапов
3. Государственно-частное партнерство: финансовый аспект
4. Исламские финансы: перспективы, возможности, рынки

Алхожаева БибфатимаЖарасовна
Наржанова ГүлданаТазабекқызы
Қаржы, 4 курс

Ғылыми жетекші:
Арын Ә.А., аға оқытушы

Алматы
Менеджмент
Университеті

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК МЕМЛЕКЕТ ПЕН ЖЕКЕ БИЗНЕС ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ РЕТІНДЕ


Бүгінгі күнде бірқатар елдерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет қаражатының шектеулілігі проблемасы бар және тұтастай алғанда өңірлер мен елдің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал ететін қоғамдық маңызы бар көптеген кең ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндік болмай отыр. Өз кезегінде, соңғы жылдар ішінде жинақталған халықаралық тәжірибе, ресурстық базаны кеңейту мен экономикалық даму үшін пайдаланылмаған резервтерді жұмылдырудың, мемлекеттік және муниципалдық (қоғамдық) меншікті басқарудың тиімділігін көтерудің негізгі тетіктерінің бірі, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (МЖӘ) болып табылатынын көрсетеді [1, б. 8].

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» термині ағылшын тіліндегі «public-private partnership» сөзінің тұрақты аудармасы болып табылады [1, б. 10].

МЖӘ-тің әр түрлі анықтамалары бар. Олардың ішінде жалпы таралғаны Дүниежүзілік банктің анықтамасы: «МЖӘ – жария және жеке меншік тараптар арасында қосымша инвестициялар тарту мақсатында және одан маңыздысы бюджеттік қаржыландырудың тиімділігін көтеру құралы ретінде жасалатын инфрақұрылымдық қызметтерді өндіру және көрсету туралы келісім» [2, б. 3].


Дүниежүзілік банктің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, төмен және орта табысты елдерде (145 мемлекет) 1990-2012 жылдар аралығында МЖӘ механизмі бойынша барлығы 5781 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды.

Олардың ішінде энергетика саласында 2652 жоба, көлік кешені саласында 1472, байланыс саласында 843 жоба, ал сумен қамтамасыз ету және канализация саласында 814 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды (сурет 1) [3].



Сурет 1. 1990-2012 жылдары МЖӘ механизмі бойынша жүзеге асырылған жобалар


1990-2012 жылдар саны жағынан бір жылдың ішінде ең көп, яғни 415 жоба 2011 жылы жүзеге асырылды. Ал 2012 жылы жүзеге асырылған жобалар саны 362-ны құрайды. Бұл 2011 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 12,8% ға төмен (сурет 2).



Сурет 2.1990-2012 жүзеге асырылған МЖЭ жобаларының динамикасы

Аталған жобаларды жүзеге асыру мақсатында 1990-2012 жылдар аралығында барлығы 2 026 257 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестициялар жұмсалды. Олардың 383507 млн. АҚШ доллары елдердің үкіметтері тарапынан құйылған инвестициялар болса, 1 642750 млн. АҚШ доллары материалды активтерге құйылған инвестицияларды құрайды.

2012 жылы қарастырылып отырған елдерде жүзеге асырылған 362 жобаға барлығы 181 321млн. АҚШ долларына тең инвестициялар құйылды. Бұл 2011жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,8%-ға артық. Алайда 2010 жылғы кезеңмен салыстырғанда 2,7%-ға кем(сурет 3).



Сурет 3. 1990-2012 жылдары МЖЭ жобалар саны мен оларға құйылған инвестициялар көлемінің динамикасы, млн.АҚШ доллары

Жүзеге асырылған жобалар ішінде Латын Америкасы алдыңғы қатарды иеленіп отыр, бұнда 1705 жоба жүзеге асырылып, оған 769 444млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция жұмсалды. Екінші орында Шығыс Азия және Тынық мұхит елдері – 1666 жоба, инвестициялар көлемі - 358 547 млн. АҚШ доллары. Үшінші орында Европа және Орталық Азия елдері –819, инвестициялар - 312 989 млн. АҚШ доллары.

Айта кету керек, қазіргі күнге дейінгі МЖЭ тетіктері арқылық жүзеге асырылған жобалардың ішіндегі ең ірі жоба болып Австралияның Виктория штатында салынған зәулім суды тұщыландыру қондырғысы саналады. Оның құны 3,5 млрд. АҚШ долларын құраған еді [4].

Қазақстанда МЖЭ тетіктерін қолданудың заңнамалық негізі концессиялар шарттары бойынша туындаған өзара қарым-қатынастарды реттеу бөлігінде 1991 жылы салынған.

Егер алғашқы заң концессионер ретінде тек шетел тұлғаларын қарастырған болса, «Концессиялар туралы» ҚР жаңа Заңы 2006 жылы 7 шілдеде қабылданғаннан кейін мемлекеттік меншік объектілерін құру құқығын шетелдік инвесторларға ғана емес, ҚР-ң резиденттері заңды тұлғаларға да беру мүмкіндігі пайда болды [5].

Жақында Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің отырысында «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заң жобасы ұсынылды.

Енді елімізде МЖЭ дамуының ағымдағы жағдайын зерттейік.

Дүниежүзілік банктің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, МЖӘ негізінде ҚР-да 1990-2012 жылдар аралығында барлығы нақты 36 жоба жүзеге асырылып, оған 10 407 млн. АҚШ доллары құйылды. Энергетика саласына 2146, байланыс саласына 7 999, көлік кешені саласына 262 млн. АҚШ доллар құйылды.


Инвестициялардың тартылуы әсіресе 1997 жылы күшейді, бұл кезеңде жүзеге асырылған 8 жобаға 2 075 млн. АҚШ доллары құйылды. Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес бұл соманың тек 75 млн. АҚШ доллары ғана мемлекет инвестициялары болса, 2000 млн. АҚШ доллары материалдық активтерге салынған инвестицияларды құрайды.

Жүзеге асырылған жобаларды МЖӘ түрлері бойынша жіктесек, қарастырылып отырған уақыт аралығында МЖӘ модельдерінің ішінде ең көп «Активтерді беру» типі бойынша жүзеге асырылды – 24 жоба, инвестициялар көлемі – 5,324 млн. АҚШ доллары [5].

Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік Орталығының мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан Республикасында қазіргі таңда әр түрлі сатыда барлығы 31 жоба жүзеге асырылуда, соның ішінде жобаның пайдалану сатысында: көлік (теміржол) саласында Шығыс-Қазақстан облысында Жаңа «Шар Станциясы – Өскемен» теміржолы, Ақтау халықаралық әуежайының жолаушы терминалы, энергетика саласында «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» аймақаралық электр қуатын беру желілерінің құрылысы және пайдаланылуы бойынша 3 жоба жүзеге асырылуда [6].


Саны жағынан ең көп МЖӘ жобалары «Көлік инфрақұрылымы» саласында, соның ішінде автомобиль жолдарын салумен және қайта жаңартумен байланысты жобалар иеленеді – 31 жобаның 11-і.

Екінші орында «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету» саласы – 7 жоба. Ал «Көлік», яғни темір жол саласы үшінші орында тұрақтады – 6 жоба (сурет 4).



Сурет 4. ҚР-да МЖӘ жобаларының саны, салалық құрылымда

Аймақ кесіндісіндегі МЖӘ жобалары келесі суретте (сурет 5):



Сурет 5. ҚР-да МЖӘ жобаларының саны, аймақ кесіндісінде

МЖӘ келісімшарттарының қолданыстағы және енгізуге жоспарланған түрлерінен орта білім беру саласы үшін төмендегідей модельдер ұсынылады: ВТО («құрылыс-тапсыру-пайдалану»), ВОТ («құрылыс-пайдалану-тапсыру»), ВОО («құрылыс – ие болу – басқару»); DBFO («жобалау – құрылыс – қаржыландыру»).

Мысалы, қолданыстағы ВТО моделі бойынша 1200 орындық жалпы білім беру мектебін және 500 орындық екі балабақшаны салу мен пайдалану жөніндегі екі концессиялық жобаны қарастырайық.

Төменде ВТО моделін («құрылыс-тапсыру-пайдалану») қолдана отырып, концессия бойынша 1200 орындық жаңа мектептің құрылысы ықтимал жобасының толық сипаттамасы келтірілген. Бұл ретте концессионер мектеп салу үшін қарызға да, жеке капиталын да тартады. Концессионер мен концедент (облыстық әкімдік тұлғасында) концессия шартын жасайды.

Қаржы-экономикалық моделі келесі негізгі жорамалдармен құрылды:

1. Қолданылатын келісімшарт түрі - ВТО.

2. Концессияның жалпы мерзімі – 10 жыл, пайдалану мерзімі – 8 жыл, құрылыс мерзімі – 2 жыл;
3. ИШӨ төлеу мерзімі – 7 жыл, ПШӨ төлеу және басқару үшін сыйақы төлеу мерзімі – 8 жыл;
4. Құрылысты қаржыландыру:
 - концессионердің жеке қаражаты – 20%, қарыз қаражат –80%,
 - 5 ж. артық несие бойынша теңгемен жартыжылдық мөлшер – 7,95%,
 - несие беру мерзімі – 6 жыл, оның ішінде, негізгі борышты өтеудің жеңілдікті мерзімі – 2 жыл, негізгі борышты қайтару мерзімі – 4 жыл,
 - несие беру үшін комиссия мөлшерлемесі – 0,5%,
 - қарызға алынған қаражат сомасы (несие) - 1 550 135,52 мың теңге;
 - Құрылыс құны:2012 жылғы бағамен 1 937 669 мың теңге;
5. Пайыздық мөлшерлеме:
 - ҚҚС12%; КТС20%; мүлік салығы1,5%; мектеп ғимаратын амортизациялау мөлшерлемесі15%; әлеуметтік салық мөлшерлемесі 11%; әлеуметтік сақтандыру мөлшерлемесі 5%; зейнетақы аударымдарының мөлшерлемесі 10%; қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 6%; дисконттау мөлшерлемесі 9%.

Есептеу барысында 10 жылдық мерзіммен 1200 орындық мектептің құрылысын салу жобасын жүзеге асыру кезінде концессионердің 11,7% IRR қол жеткізу үшін мемлекеттік қолдаудың келесі шаралары қажет болатындығы анықталды: инвестициялық және пайдалану шығындарын өтеу, сондай-ақ басқару үшін сыйақы төлеу. Нақты айтқанда, концессионердің тамақтандыру, үйірмелер жүргізу (және спорт залын жалдау) ақылы қызметтерін көрсетуінен түскен түсім концессионердің оң таза дисконтталған табыс (NPV) алуы үшін жеткіліксіз. Сондықтан, жобаның инвестициялық тартымдылығына қол жеткізу үшін көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары қосылды.

Кесте 1. Қаражат қозғалысы, 1200 орындық мектеп, 10 жылға арналған концессия (ВТО), мың теңгемен

Жылдар	Барлығы	2014	2015	2016	2020	2023
Операциялық қызмет бойынша кіріс	5 034 075,95	-	-	822 150,16	649 842,28	364 984,23
Операциялық қызмет бойынша шығын	2 175 118,66	199 864,98	315 699,94	326 042,74	168 546,91	114 628,52
Операциялық қызмет бойынша сальдо	2 858 957,28	-199 864,98	-315 699,94	496 107,41	481 295,37	250 355,70
Инвестициялық қызмет бойынша шығын	1 937 669,40	968 834,70	968 834,70	-	-	0
Инвестициялық қызмет бойынша сальдо	1 937 669,40	-968 834,70	-968 834,70	-	-	-
Қаржылық қызмет бойынша кіріс	2 453 234,32	1 168 699,68	1 284 534,64	-	-	-
Қаржылық қызмет бойынша шығын	1 550 135,52	0	0	387 533,88	0,00	0,00
Қаржылық қызмет бойынша сальдо	903 098,80	1 168 699,68	1 284 534,64	-387 533,88	-	-
Таза қаражат кірісі	1 824 386,69	0,00	-0,00	108 573,53	481 295,37	250 355,70
Жинақтау қорытындысы		0,00	-0,00	108 573,53	598 013,09	1 824 386,69
Акционердің таза қаражат кірісі	921 287,89	-393 631,92	-509 466,88	108 573,53	481 295,37	250 355,70
NPV		-1 168 699,68	-1 284 534,64	496 107,41	481 295,37	250 355,70
Акционердің NPV, мың теңге					130 710,31	
Акционердің IRR					11,70%	
Ескерту - автормен құрастырылды						

Осылайша, құрылыс құны 1 937 669 мың теңге, қарыздың пайыздық мөлшерлемесі 7,95% (жартыжылдық), мемлекеттік қолдау шараларына төленетін сома/концессионердің шығынды өтеу және табыс алу көздері (инвестициялық шығын өтемақысы (ИШӨ): 2 086 482 мың теңге, пайдалану шығындарының өтемақысы (ПШӨ): 549 636 мың теңге, басқару үшін сыйақы 100төлемі 984 000 мың теңге) болғанда концессионердің таза дисконтталған табысы (NPV) 130 740,31 мың теңгені, ал концессионердің IRR (ішкі табыстылық нормасы) 11,7% құрайды.

Концессионердің ақылы қызметтер көрсету және ИШӨ мен ПШӨ төлеу сияқты табыстарды алуы мектеп құрылысы бойынша жобаның пайдалылығын қамтамасыз етпейді; берілген жағдайды ескере отырып, басқару үшін сыйақы қосылды және концессионердің жеке қаражатының сомасы ұлғайтылды. Аталған жағдайлар сақталған жағдайда концессионердің таза дисконтталған оң табысына және 11,7% ішкі табыстылық нормасына қол жеткізуге болады. Осылайша, мемлекет үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолдана отырып мектеп салу бойынша жобалар едәуір қаржы шығындарын әкелуі және қабылданған тәуекелдердің орындалмау тәуекелін тудыруы мүмкін.

Осылайша, 10, 15, 25 жыл мерзімімен концессия бойынша жобаны жүзеге асыру кезіндегі мемлекет табысын ескере отырып, бюджеттік тиімділікті қарастырайық (кесте 2).

Кесте 2. 10, 15 және 25 жылда концессия бойынша мектеп құрылысын салу кезіндегі бюджеттік тиімділік, млн.теңге

Жылдар	10 жыл	15 жыл	25 жыл
Бөлімдердің атауы			
Мемлекет шығыны	3 620	4 763	7 290
ИШӨ	2 086	2 086	2 286
ПШӨ	550	1000	2 144
Басқару үшін сыйақы	984	1 677	3 060
Мемлекет табысы	416	694	1 568
Мүлік салығы (1,5%)	110	188	344
Төленетін ҚҚС	68	126	270
КТС (20%)	239	380	954
Таза қаражат ағыны, млн.тг.	-3 204	-4 069	-5 722
Бюджеттің NPV, млн.тг.	-2 249	-2 294	-2 752
Ескерту - автормен құрастырылды			

Осылайша, 10 жылдық концессия ішінде мемлекеттік қолдау номиналды сипатта 3 620 млн. теңгені, 15 жылда – 4 763 млн. теңгені, 25 жылда – 7 290 млн. теңгені құрайды.

Талдау көрсеткендей, бюджеттік тиімділік мәндері барлық үш нұсқада теріс болып табылады, алайда, бюджеттік жағынан алғанда концессия мерзімі 10 жыл 1200 орындық мектепті салу мен пайдалану жобасы анағұрлым тиімді болып табылады.

Осылайша, 1200 орындық мектепті салу мен пайдалану жобасын жүзеге асырудың ең лайықты нұсқасы мерзімі 10 жыл концессия сызбасы.

1200 орындық мектепті салу мен пайдалану бойынша мерзімі 10 жыл концессиялық жобаның төзімділігін талдау құрылыс құнын ұлғайту және қарыз алу мөлшерлемесін 10 %-ға ұлғайту концессионердің IRR төмендеуіне әкеліп соқтыратынын көрсетті. Нақты айтқанда, құрылыс құнын ұлғайту концессионердің ішкі табыстылық нормасына таза көрсетілген табыс құнына біршама теріс әсерін тигізеді, концессионер IRR берілген төзімділік талдауында ең төмен көрсеткішке дейін төмендейді – 10,14%, ал концессионер NPV 59,574 млн.теңгеге дейін төмендейді.

Концессионер IRR базалық мәнінен ұлғаюына әсер ететін анағұрлым маңызды факторлардың бірі құрылыс құнын 10%-ға азайту және ақылы қызметтерден түсетін түсімді 10%-ға ұлғайту болып табылады. Нақты айтқанда, құрылыс құнын азайту кезінде ішкі табыстылық нормасы базалық мәнінен 13,49%-ға дейін екі пайызға ұлғаяды, концессионердің NVP базалық мәнінен 200, 168 млн.теңгеге дейін 50 пайыздан артық ұлғаяды, ал ақылы қызметтерден түсетін түсімді ұлғайту кезінде концессионердің IRR базалық мәнінен 13,05%-ға дейін бір пайыздан артық ұлғаяды, ал концессионердің таза көрсетілген табысының құны 198,037 млн. теңгеге шамамен 50 пайызға дейін өседі.

Операциялық шығыстарды 10%-ға азайту, негізгі қарыз үлесін 70%-ға дейін ұлғайту концессионердің IRR

және NPV ұлғаюына әкеледі, алайда, осы факторлардың әсері құрылыс құнының төмендеуімен және ақылы қызметтер түсімінің ұлғаюымен салыстырғында азырақ болып келеді.

Төзімділік талдауы 1200 орындық мектепті салу мен пайдалану бойынша мерзімі 10 жыл (ВТО келісімшарты) концессиялық жобаның қаржылық көрсеткіштері құрылыс құнының 10%-ға өсуіне анағұрлым көбірек теріс әсерін тигізетіндігін және құрылыс құнының 10%-ға төмендеуіне оң әсерін тигізетіндігін көрсетті.

Жобаның мұндай төзімділігімен объектінің құрылысымен байланысты тәуекелдерді концессионерге тапсыру ұсынылады, алайда, мемлекет концессионердің объектіні пайдалану міндетін қарастыруы қажет. Бұл жағдай құрылыс құнын сапасыз құрылыс нәтижесі ретінде төмендету үшін қажет.

Жобаларды жүзеге асырудың салыстырмалы талдауы жобаны мемлекеттік қарыз есебінен жүзеге асыру нұсқасынан кейін бюджет есебінен (РМК БИЖ) қаржыландыру анағұрлым пайдалы нұсқа болып табылатындығын көрсетті, нақты айтқанда, жобаны бюджет есебінен жүзеге асыру кезіндегі мемлекет шығыстарының таза көрсетілген құны 1 864,32 млн. теңгені құрайды.

Жобаны концессия моделі ВТО бойынша жүзеге асыру нұсқасының пайдасы ең аз болып келеді, жобаны концессия бойынша жүзеге асыру кезіндегі мемлекет шығыстарының көрсетілген таза құны 2 249,4 млн. теңгені құрайды.

Жобаны концессия-ВТО бойынша жүзеге асырудың қаржылық тартымсыздығына қарамастан, оның артықшылықтарына концессионердің мектеп ғимаратын салу мен пайдалануының анағұрлым жоғары сапалы болуы, мектеп жабдығының жақсы жағдайы жатады, сондай-ақ мектеп басшылығы білім беру үрдісін қамтамасыз етумен көбірек айналысу және мектептің материалдық-техникалық жағдайына көңіл бөлуге азырақ уақыт жұмсау мүмкіндігіне ие болады.

Осылайша, мектеп салу және пайдалану бойынша жобаларды жүзеге асыру талдауы жобалардың әрбіреуінде концессионер табысының құрылымы маңызды мәнге ие екендігін көрсетті.

Міне, осыған байланысты мемлекеттік-жеке меншік әріптестік инфрақұрылым объектілерін құру, жаңғырту, қамту және пайдалану саласындағы мемлекеттік сектор мен жеке меншік сектордың өзара іс-қимылы нақты тетік болып табылады және МЖӘ құралдарын пайдалану жолымен оларды дамыту мәселесі мемлекет тарапынан да, сондай-ақ бизнес-қауымдастық тарапынан да ерекше назарды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Варнавский, В.Ж., Клименко, А.В., Королев, В.А. Государственно-частное партнерство: теория и практика. Учебное пособие. М.: Высшая школа экономики, 2010. – 228 с.
2. Delmon J. Private Sector Investment in Infrastructure: Project Finance, PPP Projects and Risk. The World Bank and Kluwer Law International. 2009. P. 7.
3. World Bank and PPIAF, PPI Project Database. [Электронды ресурc]. Режим доступа: <http://ppi.worldbank.org>- 11.09.2013.
4. Государственно-частное партнерство в условиях инновационного развития экономики [Монография] / Под ред. А.Ж. Зельднера, И.И. Смотрицкой. М.: ИЭ РАН, 2012. С. 212.
5. «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2006 жылы 7 шілде
6. Қазақстан Республикасында МЖӘ дамуы. МЖӘ орталығының ресми сайты [Электронды ресурc]. <http://kzppp.kz/project>